

7 Сәуір  
Сейсенбі,  
2026 жыл

uil-gazet@mail.ru  
Kokjar\_tynysy

# ОЙЫЛ

Газет 1930  
жылдың  
қараша айынан  
бастап шығады

## РАМУЛ САПАРҒАЛИ - ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНЫ

ҚОСТАНАЙ ҚАЛАСЫНДА 27-31 НАУРЫЗ КҮНДЕРІ ӨТКЕН ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ГІР СПОРТЫНАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЧЕМПИОНАТЫ АҚТӨБЕЛІК ЖАС СПОРТШЫ САПАРҒАЛИ РАМУЛ АСЫЛБЕКҰЛЫ ҮШІН ҮЛКЕН ЖЕҢІСПЕН АЯҚТАЛДЫ. ОЛ 58 КЕЛІ САЛМАҚ ДӘРЕЖЕСІНДЕ ЖҰЛҚА КӨТЕРУ ӘДІСІ БОЙЫНША ҚАРСЫЛАСТАРЫНАН АЙҚЫН БАСЫМ ТҮСІП, ЕЛ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ.



Бұл додаға еліміздің әр өңірінен келген кіл мықтылар қатысып, тартысты бәсеке өрбіді. Дегенмен, жоғары деңгейде дайындалған қарсыластарына қарамастан, Рамул өзінің шеберлігі мен табандылығын дәлелдеп, жеңіс тұғырынан көрінді. Ойыл ауданының тумасы Рамул Сапарғали гир спортымен

бес жылдан бері айналысып келеді. Осы уақыт ішінде ол бірнеше республикалық жарыстарда топ жарып, 53-58 келі салмақ дәрежелерінде үздіктер қатарынан көрініп жүрген дарынды спортшылардың бірі. – Рамул – сабырлы, салмақты, көп сөзге жоқ спортшы. Әр қадамын ойлап барып

жасайды. Төзімділігі мен шыдамдылығының арқасында осындай жетістікке жетіп отыр, – дейді оның жаттықтырушысы Нұрасқан Сәрсенғалиев. Жас спортшының бұл жеңісі – тек жеке жеңіс қана емес, туған өлкесінің абыройын асқақтатқан маңызды жетістік. Енді жас чемпион алдағы жауапты сынға дайындалуда. Ра-

мул Асылбекұлы сәуір айының 20-24 күндері Қырғызстан Республикасының Бішкек қаласында өтетін әлем чемпионатында ел намысын қорғамақ. Жеңіс жолын жалғап келе жатқан жас спортшыға сәттілік тілейміз!

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,  
Ойыл селосы.

## АУДАНҒА ЖАҢА ПРОКУРОР ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

КЕШЕ ОБЛЫС ПРОКУРОРЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ АЙБЕК ТАҒЫБЕРГЕН АУДАНҒА АРНАЙЫ КЕЛІП, АУДАН АКТИВИМЕН КЕЗДЕСТІ.



Кездесу барысында жаңа прокурорды аудан активіне ресми түрде таныстырып, оның кәсіби тәжірибесіне тоқталды. Рауан Тобықов бұған дейін құқық қорғау органдарында түрлі қызметтер атқарған. Аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы жаңа прокурорға сәттілік тілеп, алдағы қызметіне табыс тіледі. Жиын барысында заң-

дылықты сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау және құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытындағы жұмыстардың маңыздылығы айтылды. Рауан Тобықов өзіне жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен атқарып, аудан аумағында заң үстемдігін қамтамасыз ету бағытында жұмыс істейтінін жеткізді.

## «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА ИГІ ІС ЖАЛҒАСУДА



Жалпыұлттық экологиялық акция

«Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында колледж ұжымы сенбілік жұмыстарын бастап, бұл игі бастама өлі де жалғасын табуда. Табиғатты қорғау мен туған жерді көркейту мақсатында ұйымдастырылған шараға колледж қызметкерлері белсенді түрде атсалысуда.

Бүгінгі күні сенбілік барысында колледж аумағына: \* 20 түп жеміс ағашы, \* 75 түп қарағай отырғызылды.

Аталған жұмыстар қоршаған ортаны жақсартуға, жасыл желекті көбейтуге және экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған. Бұл бастама – болашақ ұрпаққа таза әрі көрікті орта қалдыру жолындағы маңызды қадам. Колледж ұжымы алдағы уақытта да «Таза Қазақстан» акциясы аясындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыра береді. \*Таза орта – жарқын болашақ кепілі!

## ЕЛГЕ ЕТКЕН ЕҢБЕК ЕЛЕНБЕЙ ҚАЛМАЙДЫ!

ЕЛ ТАРИХЫНДА ІЗ ҚАЛДЫРАТЫН КҮНДЕР БОЛАДЫ. 2026 ЖЫЛДЫҢ 15 НАУРЫЗЫ - ҚАЗАҚСТАН ҮШІН ДӘЛ СОНДАЙ КҮН БОЛДЫ. ХАЛҚЫМЫЗ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯҒА ДАУЫС БЕРІП, ТАРИХИ ТАҢДАУЫН ЖАСАДЫ. АЛ СОЛ ТАРИХИ ТАҢДАУДЫҢ АРТЫНДА - ТҮНДЕРІ ҰЙЫҚТАМАЙ, КҮНДЕРІ ДЕМАЛМАЙ ЕҢБЕК ЕТКЕН БЕЛСЕНДІ АЗАМАТТАРДЫҢ ТАБАНДЫ ЖҰМЫСЫ ТҰР.



Бүгін сол еңбек бағаланды. «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясының жұмысына елеулі үлес қосқан Ойыл ауданы коалициясының белсенді мүшелері салтанатты түрде марапатталды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алғыс хаттарын Ойыл ауданының әкімі Асқар Қазыбаев табыстады. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы, «AMANAT» партиясының Төрағасы, Жал-

пыұлттық коалиция Жетекшісі Ерлан Қошановтың Алғыс хаттарын «AMANAT» партиясы Ойыл аудандық филиалының атқарушы хатшысы Еркін Жиеналин табыстады. Референдум кезеңінде аудан бойынша жүргізілген ауқымды үгіт-насихат және түсіндіру жұмыстарының нағыз қозғашу күші болған коалиция мүшелерінің еңбегі жоғарғы деңгейде бағаланды. Бұл - ауданымыздың қарапайым азаматтарының ел тағдырына қосқан үлесінің лайықты бағасы.

«Ердің құны - еліне сіңген еңбегінде» дейді халқымыз. Бұл марапат - өткеннің қорытындысы ғана емес, алдағы күндерге деген жаңа серпін. Елін сүйген, ісіне адал, халқына қызмет еткен азаматтың жолы ешқашан бекер кетпейді. Ойыл ауданы коалициясының барлық мүшелерін осы марапатпен шын жүректен құттықтаймыз! Сіздердің үлгілі еңбектеріңіз - ел болашағына қосылған алтын кірпіш. «Халық үшін еткен еңбек ешқашан өшпейді.»

## ЖӘСІПКЕРЛІК ПАЛАТАСЫНДА ЖАҢА БАСШЫ

АТАМЕКЕН ҰЛТТЫҚ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫНА ЖАҢА БАСШЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ. БҰЛ ЖАУАПТЫ ҚЫЗМЕТ ЕНДІ ИЛЬГИЗ САБЫРЖАНОВҚА СЕНІП ТАПСЫРЫЛДЫ. ЖАҢА ЖЕТЕКШІНІ ТАНЫСТЫРУ МАҚСАТЫНДА ӨТКЕН ЖҰМА АУДАН ӨКІМДІГІНДЕ АРНАЙЫ ЖИЫН ӨТТІ.

Аталған жиынға Ақтөбе облысы кәсіпкерлер палатасының директоры Дидар Боранқұлов, аудан әкімі Асқар Қазыбаев, аудан прокуроры Ақеділ Үсенов, сондай-ақ жергілікті кәсіпкерлер қатысты. Жиынды ашқан аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы кәсіпкерліктің аудан экономикасындағы рөліне ерекше тоқталып, бұл бағыттағы жұмыстардың жүйелі түрде жалғасатынын атап өтті. Облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Дидар Боранқұлов жаңа жетекшіні таныстырып, оның алдағы қызметіне сәттілік тіледі. Өз кезегінде жаңа басшы Иль-

гиз Сабыржанов кәсіпкерлермен тығыз әрі ашық байланыс орнату негізгі міндеттердің бірі екенін жеткізді. Жиын барысында кәсіпкерлік саласындағы өзекті мәселелер көтеріліп, бизнеске көрсетілетін қолдау тетіктері талқыланды. Аудан прокуроры Ақеділ Үсенов те сөз сөйлеп, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау бағытындағы жұмыстардың маңыздылығына тоқталды. Жиында бұған дейін аталған қызметті атқарған Жасұлтан Ержановқа ерекше құрмет көрсетілді. Оның аудан кәсіпкерлігін да-

мытуға қосқан үлесі атап өтіліп, алғыс хат табысталды. Сондай-ақ қазақы дәстүрге сай иығына шапан жабылып, көпшілік ризашылығын білдірді. Кездесу барысында кәсіпкерлер тарапынан да бірқатар ұсыныстар айтылып, пікір алмасу алаңы қалыптасты. Мұндай ашық диалог өзара сенімді нығайтып, тиімді шешімдер қабылдауға жол ашатыны белгілі. Жиын қорытындысында қатысушылар жаңа басшыға сәттілік тілеп, бірлескен жұмыстың нәтижелі боларына сенім білдірді.



МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ҚОЛДАНУ АЯСЫ – ҚОҒАМ АЙНАСЫ

Мемлекеттік тіл – кез келген елдің тәуелсіздігі мен бірегейлігін айқындайтын басты құндылықтардың бірі. Ол тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлттың рухани болмысы, тарихи жады мен мәдени кодының көрінісі. Сондықтан мемлекеттік тілдің қолдану аясы – қоғам дамуының маңызды көрсеткіші.

Бүгінгі таңда мемлекеттік тілдің мәртебесі заң жүзінде айқындалғанымен, оның күнделікті өмірдегі қолданысы әрқелкі деңгейде қалып отыр. Ресми құжаттарда, білім беру жүйесінде, мемлекеттік қызметте тілдің қолданылуы біршама жолға қойылған. Алайда, қоғамның барлық саласында бірдей кеңінен қолданылады деу әлі ерте.

Тілдің кең таралуы ең алдымен адамдардың өз таңдауына байланысты. Егер азаматтар мемлекеттік тілді күнделікті өмірде, тұрмыста, қызмет барысында еркін қолдана, оның ауқымы табиғи түрде кеңейеді.

Бұл жерде тек міндеттеу емес, ынталандыру мен қолайлы орта қалыптастыру маңызды рөл атқарады.

Ақпараттық кеңістіктің де әсері зор. Теледидар, әлеуметтік желілер, интернет ресурстар арқылы мемлекеттік тілдегі сапалы контенттің артуы – тілдің беделін көтерудің тиімді жолы. Жастардың тілге деген қызығушылығы көбіне

осы ортаға тәуелді. Егер тіл заманауи, тартымды әрі қолжетімді болса, ол өздігінен сұранысқа ие болады.

Сонымен қатар, тіл мәселесі тек лингвистикалық емес, әлеуметтік-психологиялық сипатқа да ие. Кей жағдайда адамдар мемлекеттік тілді білсе де, қолдануға сенімсіздік танытады немесе басқа тілге басымдық береді. Бұл – қалыптасқан дағды мен орта әсерінің нәтижесі. Сондықтан тілдік ортаны өзгерту – ұзақ мерзімді, жүйелі жұмысты талап етеді.

Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту – тек мемлекеттің емес, әрбір азаматтың ортақ міндеті. Тілді құрметтеу оны білу ғана емес, оны қолдану арқылы көрініс табады. Әрбір ресми құжат, әрбір қызмет көрсету, әрбір күнделікті әңгіме – тілдің өміршеңдігін айқындайтын маңызды қадам.

Қорытындылай келе, мемлекеттік тілдің дамуы – бұл үздіксіз процесс.

Ол заңмен ғана емес, қоғамның шынайы сұранысымен, күнделікті қолданысымен нығаяды. Тілге деген құрмет – елге деген құрметтің белгісі. Сондықтан мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту – болашаққа жасалған маңызды инвестиция.

**Ұ.С.ТӨЛЕУШЕВА,**  
**Ойыл аудандық соты**  
**әкімшісінің бас маманы,**  
**сот отырысы хатшысы.**

БАЛАНЫҢ ЖЕКЕ ШЕКАРАСЫН ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚЕРЕК?

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДА БАЛАНЫҢ ЖЕКЕ ШЕКАРАСЫН ҚҰРМЕТТЕУ – ОНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ САУЛЫҒЫ МЕН ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ ШАРТТАРЫНЫҢ БІРІ. ЖЕКЕ ШЕКАРАСЫ ҚАЛЫПТАСҚАН БАЛА ӨЗ СЕЗІМІН ҚОРҒАЙ АЛАДЫ, «ЖОҚ» ДЕП АЙТУҒА ҮЙРЕНЕДІ, ӨЗИНЕ ЖӘНЕ ӨЗГЕГЕ ҚҰРМЕТПЕН ҚАРАЙДЫ.



**төңе жоқ» деудің орнына:**  
•«Сен қазір ренжіп тұрсың, мен сені түсінемін»  
•«Қорқуың қалыпты, бірге шешім табайық»  
Бұл баланың өз сезімін түсінуіне және қабылдауына көмектеседі.

2. «Жоқ» деуге үйрету  
Бала өзіне жайсыз жағдайда «жоқ» деп айтуға құқылы екенін білуі керек.

**Мысалы:**  
•Қаламайтын адамға құшақтаспауға  
•Ұнамайтын ойынға қатыспауға

Бұл әдепсіздік емес, өзін қорғау екенін түсіндіру қажет. 3. Жеке кеңістігін құрметтеу  
**Баланың:**  
•Бөлмесіне рұқсатсыз кірмеу  
•Заттарын сұрамай алмау  
•Күнделігін оқымау осының бәрі – оның жеке шекарасын сыйлаудың нақты көрінісі.

4. Үлгі болу  
Бала ата-ананың әрекетін қайталайды.  
**Егер ересек адам:**  
•Өз шекарасын сабырмен қорғай алса  
•Өзгенің пікірін сыйласа  
•Әдептен сөйлесе бала да дәл солай әрекет етеді.

5. Түсіндіру және диалог  
Тыйым салудан гөрі, неге болмайтынын түсіндіру маңызды. Сұрақ қоюға мүмкіндік беру, баланың пікірін тыңдау – оның тұлға ретінде қалыптасуына әсер етеді.

**Қорытынды:**  
Баланың жеке шекарасын қалыптастыру – бір күннің немесе бір әңгіменің нәтижесі емес. Бұл – ата-ана мен педагогтың күнделікті қарым-қатынасында қалыптасатын ұзақ процесс.

Баланың шекарасын құрметтеу арқылы біз оның өзіне сенімді болады

•Басқаларға тәуелді болады  
•Кінә сезімін жиі сезінеді  
•Өз құқығын қорғай алмайды  
Баланың жеке шекарасын қалыптастырудың негізгі жолдары

1.Баланың сезімін мойындау  
Баланың эмоциясын жоққа шығармау маңызды.  
**«Жылама», «Қорқатын еш-**

**Гулбарам ЕЛЕКБАЕВА,**  
**Педагог-психолог,**  
**Ойыл ауданы,**  
**Ақшатау орта мектебі.**

«ӘН МЕН ЖЫРДЫҢ АҚБҰЛАҒЫ»  
БӘКІР ТӨЛЕУҰЛЫ ТӘЖІБАЕВ – 100 ЖЫЛ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА БЕЛГІЛІ АҚЫН, ДРАМАТУРГ, ПРОЗАИК, КОМПОЗИТОР, ӨНЕР ЗЕРТТЕУШІ БӘКІР ТӘЖІБАЕВ 15 МАМЫРДА 1926 ЖЫЛЫ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ, БАЙҒАНИН АУДАНЫ АҚБҰЛАҚ АУЫЛЫНДА ТУҒАН. Б.ТӘЖІБАЕВ 1941 ЖЫЛДАН БАСТАП ТЕМІРДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УЧИЛИЩЕСІНДЕ ОҚЫП, КЕЗІНДЕ ЖҰРЫН АУДАНДЫҚ (ҚАЗІРГІ МҰҒАЛЖАР АУДАНЫ) ГАЗЕТ РЕДАКЦИЯСЫНДА ЖАУАПТЫ ХАТШЫ, АУДАНДЫҚ КОМСОМОЛ КОМИТЕТІНДЕ ҚЫЗМЕТ ІСТЕДІ.

1950 жылы Алматының театр-сурет училищесі жанындағы кино-актерлік бөлімді бітіргеннен кейін, Жамбыл, Шымкент облыстық театрларында актер болды.

1958 жылы Алматыға келіп Абай атындағы қазақ опера және балет театрында әдебиет бөлімінің меңгерушісі, Алматы облыстық халық шығармашылығы үйінде, Қазақ театр өнер ұжымдарында, атақты өнер, мәдениет қайраткерлері арасында шыңдалады, мектептен өтеді. 1974 жылы тікелей шығармашылық жұмысқа ауысады.

Ақын Бәкір Тәжібаев «Балбұлақ» - 1969ж., «Ән - дәурен» - 1973ж., «Жүріп келем» - 1976ж., «Дала жылдары» 1980ж., «Жыр жолаушы» - 1982ж., «Ақбұлақ» - 1985ж. т.б. қарапайым халық арасында кең тараған, халық сүйіп оқитын өлеңдер тақырыбына арналған.

Белгілі драматург Бәкір Тәжібаев театр жанры саласына лайықты үлес қосты. «Кел, дос болайық», «Қаракөз қарындасым», «Ана жүрегі», «Ақтау әні» драмалық музыкалық пьесалар жазды. Олар республикамыздың облыс, аудан театр сахналарында қойылды, жұртты риза етті, көрермендер жүрегінен орын тапты.

Сонымен қатар, Б.Тәжібаев «Қамар Сұлу» операсының либреттосының авторы. Бұл операның музыкасын композитор Е.Рахмадиев жазды. «Қамар сұлу» операсының клавиір жеке кітап болып, Москваның «Музыка» баспасынан 1970ж. шықты. «Қамар сұлу» операсының опера театры сахнасында қойылуы республика мәдениеті өмірінде елеулі оқиға болды. «Қамар сұлу» Б.Тәжібаевтың өнердің ерекше жанры опера саласына қосқан үлкен үлесі болып саналады.

Ақтөбе облысы жұртшылығы жүрегіне өте жақын Б.Тәжібаевтың шығармашылық туындысы «Сары сері мен қыз Қосан» пьесасы. Себебі, пьеса оқиғасы біздің Шалқар, Ырғыз жерінде болған, ал кейіпкерлері біздің жерлестеріміз. 2003 жылы 25-27 ақпанда Ақтөбеде өткен облыстық театры өнері фестивалінде Шалқар аудандық «Халық театры» «Сары сері мен қыз Қосан» спектаклін қойып, көрермендер, қазылар алқасы көрлінен шығып, бірінші орын алды.

Бәкір Тәжібаев композитор, орындаушы-әнші. Оның әндері халық арасына кең тараған, өзінің орындауында «Мелодия» фирмасынан күйтабақ болып шығарылды. Оның «Жас дәурен», «Ақбұлақ», «Ағын судай тасып жүрмін», «Әппағым-ау, әппағым», «Ақтамақ», «Ақ сауығым», «Жанеркем», «Туған жер», «Қостанай» тағы басқа әндері ән сүйер қауымға кеңінен таны, үлкен сахналарда да. Ауыл-ел арасындағы той-кештерде де орындалады. Халық әртісі Сара Тыныштығұлова «Ақ бұлақ» әнін эстрадамен орындап, көрермен ықыласына бөленді. Ақын-сазгердің «Гүлсің-ау», «Жүрегім дүрсіл қағады» әндері бүкіл қазақ жұртының сүйікті әндеріне айналды.

Ол Қазақстанның белгілі өнер адамдарымен Е.Рахмадиев, С.Мұхамеджанов, Н.Тілендиев, Ә.Еспаев, Ғ.Құрманғалиев, Е.Хасанғалиев, Ә.Бейсеуов т.б. тығыз, үнемі шығармашылық байланыста болды. Олармен бірге еңбек етті, ел арасына кең тараған «Туған ел», «Дала еркесі», «Әдемі-ау», «Бозторғай», «Қаракөзайым», «Жәмиланың әні», «Күн дидарлы Қазақстан»

т.б. әндерге сөз жазды. Бәкір кейбір әндерінің әнін де, сөзін де өзі шығарған. Кейбір әндеріне, өлеңдеріне әріптес сазгер ән жазған. Бәкір сазгерлердің әндеріне кей кезде өлең жазған. Міне, осылай өнер жолында өзара жақсы жақын болған. Кеңес Одағының Батыры Ә. Молдағұловаға арналып жазылған рухы биік «Әлия» әні қазақ музыка өнеріндегі әннің де, авторлардың да атын шығарған ерекше туынды болды.

1977 жылы Болгарияда өткен Дүние жүзі эстрада әншілерінің конкурсында Роза Рымбаева «Әлияны» орындап «Алтын Орфей» жүлдесін жеңіп алып, аты әлемге тарады. Өзі айтқандай 30 жыл бұрын сахнадамын, Әлия аруағы қолдады-деп, биыл 50 жыл Әлияны шығарды.

«Әлия» әнінің авторлары сөзін жазған Бәкір Тәжібаев, композитор Сейдолла Бәйтереков сол жылы Мәскеуде өткен Бүкілодақтық «Ең үздік жыл әні -77» фестивалінде, бүкілодақтық фестивалдың лауреаты деген атақ алды. І-Диплом берілді. «Әлия» әні ақынның шоқтығы биік шығармасы болып, бүкіл қазақ даласын шарықтады. Ақын Б.Тәжібаевқа үлкен абырой әкелді.

Прозаик Бәкір Тәжібаев «Қараторғай» әңгімелер жинағының, «Біздің Роза» КСРО Халық әртісі Р.Бағланованың өмірі мен шығармашылық жолы туралы шығарманың, «Сахна жұлдыздары» атты атақты өнер қайраткерлері Роза Жаманова, Ермек Серкебаев, Әзірбайжан Мәмбетов, Ыдырыс Ноғайбаев өмір жолдары мен сахналық қызметтері туралы әңгімелер жинақтарының авторы. Сондай-ақ, Бәкір Тәжібаевтың жырларында Ақтөбе, Байғанин өңірінің тарихы мен табиғаты елдің тыныс-тіршілігі, атақты адамдары жырланады. Туған жерге сүйіспеншілікпен «Байғанин жастары» вальсін жазды.

Бөкенбайсайын, Ақбұлақ, Жарқамыс маңын жадында жаттап Бәкір ауылының сағынып, ойлап, есіне алып, «Ауылға барғанда» деген өлең жазған. «Ауылға кел» деп әкем «құраулап» дауыстап, ауыл үйдің түтіні будақтап, маған қолын бұлғап шақыратын. Баратынымын – деп ауылда көңіл қошына саялап, сағыншын басып өлеңдеткен.

Бәкір көпшіл, көңілді, тұрғын тыңдармен жақсы байланыс жасай алған. Сөз, әңгімені жылы, шешен айтқан. Өлеңді түрлендіріп оқыған. Әнді әсем орындаған.

Дүрлідетіп ел-жұрты той тойлайтын, Кезім келді аянбай бір толғайтын- деп «Ақтөбеге одақ» деген өлеңінде жыр төкпеген, ғажап көрінісін келістірген, жерін елін, ерін сүйген, ұнатқан, жайнатқан, ән-күйін шалқытқан, адамын, жетістігін мадақтаған. Өзі осылай жырылап туған жерді, елді, іс бітірдім деп масаттанған, көңіл қышы көтерілген, рахат алған. «Жем-Сағыз» өлеңінің сөзін, өнін Бәкір өзі шығарған, орындаған.

Жем-Сағыз – қалың жұртым жайлаған жер, ... Жем-Сағыз, айналайын, жайнаған жер- деп сағыншын саялатып, көңіл қошы көтеріліп, Жем-Сағыз өңірі жеріне жеткізіп, өркендетіп, өлеңдетіп, әуелетіп, әңдетіп, еңбегін, жақсылығын, жетістігін, қуанышын жұртқа жариялаған, туған жеріне, еліне сыйлаған. Талай татқан дәмді Шұбарқұдық, Маған қымбат қаласы Темірдің, Сонда өткен жастығы өмірімің- деп оқыған, өскен

жерге, жылғы арнап ұзақ, толғау, еске алу «Темір» деген өлең жазған мақтаған. Маңайды өнге бөлеген, оған шашу шашқан, әкесі атын суарған, анасы келіп су алаған Ақбұлақтың атына өнін, сөзін Бәкір өзі шығарған. Ал ән болған «Ақбұлақ» Бәкірдың атын шығарған. Мен бұлақтың суын сімірдім.

Қарауылкелді, Қарауылкелді Сен дегенде сұлу сазды арман. Теміржол- қос ішегі домбыраның, Қарауылкелді жымындыған Жұлдыздардан Тағынғасың алқаны. Мені магнитің тартады.

Тағыда келдім сағынып-деп өлеңдеткен. Қарауылкелдінің Абырой, атағын аспандатқан. Тұла бойы елжіреп, сағынып, қуанып, ауыл үйлерін арылып, тұрғындармен кездесіп, сәлемдесіп, сағынышын басып, жақындасуды, сыйлауды мақсат еткен. Оған жеткен, орындаған. Ақынның осы ой-пікірін, ісін ынтымақтасуды ілгерілеткен, дамытқан жан қазір тұрғындарға.

Бітпей қалған ісімнің, Қарымтасын қайтаршы! Саған арнап гүл ектім. Саулық тіледім.

-Өкендей болсаң жарайды! Таянышым тірегім! – деп Жасұланға өлең жазып қалдырған.

Жасұлан 2025 жылы қарашада Қазақ теледидарында жақсы мазмұнды сұхбат берді. Әкесінің өмірі, еңбегі, өнері жайлы жайсаң ақпарат, деректер жариялады. Сағынышпен әңгімелеп, әкесінің 100 жылдығын атап өту туралы ұсыныс-пікірін айтты. Кендалаға сәлем айт, жолдас-жырым, Еңбегімді азды-көпті елейме екен?

Жолдас-жырым, келгейсің қайтып маған. Жұрт лебізін бергейсің айтып маған – деп өлеңдетіп, жұртың жақсылық хабарын өзіне айтып жеткізуді жолдас-жырына сырын тапсырған. Биыл Ақтөбе облысы әкімдігі басшылығы шешім қабылдады.

2026 жылғы негізгі шаралар Ахмет Жұбановтың 120, Бәкір Тәжібаевтың 100 жылдығына арналады. Көрнекті өнер иесі Бәкір Тәжібаевтың 100 жылдық мерейтойы жоғары деңгейде өткізіледі. Ақтөбе облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысы Алтынай Юнисова жоспарлап, белгіледі.

Мерейтой іс-шаралары көлемді, мазмұнды, тақырыбы, жанры жан-жақты. Ақтөбе Республикалық танымдық-насихаттық конференция шығармаларына арналады. «Бәкір мұрасы – ұрпаққа аманат» ақындар айтысы, «Жүрегім жырлап тұрады» театрлық қойылымы, Республикалық ән байқауы ұйымдастырылып өткізіледі.

Облыс, Мәдениет, Білім, БАҚ, аудан, ауыл мекемелерінде іс-шаралар әртүрлі жанр, тақырыпта өткізіледі. Жолдас жыры айтқан шара өз кезегіне, тақырыбына, жанрына, мазмұнына, аймағына байланысты сәйкес ақынға жұрт лебізін жеткізеді. Бәкірдің рухы риза, жаны жәннатта болып, аспанды айналып жүр еді. Шаралар қорытындысында марапаттар, сыйлықтар тапсырылады. Өмірі театрмен байланысты Бәкір Тәжібаев талантты театр сыншысы ретінде әр жылдарда республикалық театрлар сахналарында көрермендер назарына ұсынылған драмалық туындыларға рецензиялық мақалалар жазды.

Т.Ахтанов атындағы облыстық драма театры сахнасында үлкен линзалы көзілдірігін киіп, қара көк костюммен өзінің «Ақбұлағын», «Туған жер, өзің дегенде» әндерін орындағанын көргенімде, ерекше шеберлікпен, ешкімге ұқсамайтын мәнмен, тартымды етіп айтқанда ерекше әсер алғаным естен кетпейді. Онда толық, ажарлы еді.

Ал кейін, 1993 жыл күзде Алматыда М.Әуезов атындағы театрда классик- жазушы Т.Ахтановтың 70 жылдығына арналған салтанатты жиында кездесіп, кейін әңгімелескенде арықтап, жүдеп қалған екен, елдің хабарын көбірек сұрады, тағы да бір нәрсені айтқысы келгендей болғаны уақыт өткен соң еске түсіп, ойға келеді.

Мен үшін Алматы жан мекен, Алатау тұр ғой алып құшаққа-деп «Алматы кеші» өлеңін жазған. Астана болған әсем гүлді, Апортты алмалы Алматыда 40 жыл жылы, жайлы қоныста тұрды. Шығарма жазды. Өнермен шұғылданды. Әйгілі өнерлілермен бірге жүрді. Өз ортасы. Риза.

Әйтседе, туған ауылы есінде, жүрегінде. Сағынды. Хабарласып, келіп-кетіп жүрді. Ақтөбеге, Байғанинге. Сонда жырымды Алматыға берсем бе? Өзім ауылда қалсам ба?-деп толғанды. Ақырында алып Алатау өз құшағына алды. Ақынға ару Алматы мәңгі мекен болды.

1994 жылы қайтыс болып, Алматыда Кеңсай зиратына жерленген. Б.Тәжібаев қайтыс болар алдында композитор Мыңжасар Маңғытаевқа менің шаруамды Әбішке айтарсың деген екен.

Бұны композитор маған айтқан еді. Сөйтіп, ақынмен қоштасу Әбіш Кекілбаевтың пәрменімен Алматы қалалық әкімшілігінің, Қазақстан Жазушылар Одағының ұйымдастыруымен М.Әуезов атындағы қазақ академиялық драма театрында өткізілді. Оған Ақтөбеден облыс әкімшілігінің атынан ресми делегация барып қатысты.

Бәкір Тәжібаевтың аты республикада белгілі, өнер мен мәдениет саласында лайықты үлес қосқан қайраткер. Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Ақтөбеде атында көше бар. Байғанин ауданындағы музыка мектебіне 2000 жылы ақынның аты берілді. Мектеп 1971 жылы ашылды. Оны дамытуға мектеп директоры Мырзағали Төлеуов мол үлес қосты. Мектепте болдым.

Сазгер Бәкірдің атақты Қасым Аманжоловтың сөзіне жазған тамаша «Жас дәурен» әні Байғали Досымжановтың орындауында аса әсерлі, мазмұнды шықты, күңіреніп, ойлана, өмірдің үлкен философиясына тереңдеген «Ән мен күй, өлең сені қоя алмаспын» деген өлең жолы Бәкірдің өмірінің мазмұнын, мақсатын айқындағандай еді.

Бәкір ән мен жырдың Ақбұлағы, Еліміздің мақтанышы, шығармашылықтың әр саласында құлаш ұрған сегіз қырлы, бір сырлы өнер иесі. Оның шығармалары театр сахналарында қойылып, әндері филармония концерттерінде орындалып, ақын-сазгердің атын жаңғыртып тұр.

Бәкір Тәжібаевтың «Әлиясы» мен «Ақбұлағы» бүгінде халық аузында айтылып, кәсіби әншінің сазнада орындауында ән әлемінде қалықтауда, оның рухани өмірін жалғастыруда. Ақтөбе облысының Құрметті азаматы

**Еркін ҚҰРМАНБЕКОВ,**  
**Ақтөбе қаласы.**

**2026 ЖЫЛДЫҢ ІІ ТОҚСАНЫНА ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ**

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ә.	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Ойыл аудандық экономика және қаржы бөлімі	Адилханов Болатбек	Бөлім басшысы	Сәуір айының 10, 24 күндері Мамыр айының 8, 22 күндері Маусым айының 12,26 күндері уақыты сағ.: 10:00 ден -12.00 ға дейін	Ойыл селосы, Құрманғазин көшесі №43 ғимарат	8(71332)2-11-54

**СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ**

«Ойыл аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі сыбайлас жемқорлық фактісі анықталған жағдайда төмендегі сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефонының номері 8(71332) 2-11-54. Сонымен қатар, мекемеде ұсыныс – пікір салу үшін жәшік орнатылған.

**ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМ БАСШЫСЫНЫҢ 2026 ЖЫЛДЫҢ ІІ ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ**

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдау жүргізетін тұлғаның Т.А.Ә	Азаматтарды қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның, ұйымның орналасқан жері	Байланыс телефоны, электрондық мекенжайы
«Ойыл аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ	Алдияр Арсланбек Алтынбекұлы	Бөлім басшысы	Сәуір 9,23 күндері сағат 10:00-12:00-ге дейін	Ойыл ауданы Көкжар көшесі №69 211 бөлме	Сенім телефоны: 8/71332/21746 kasipker.selhoz-uil@yandex.kz
			Мамыр 14,28 күндері сағат 10:00-12:00-ге дейін		
			Маусым 11,25 күндері сағат 10:00-12:00-ге дейін		

**СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ**

«Ойыл аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ-сінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефоны 2-15-51, сонымен қатар ғимаратта ұсыныс-пікір салу үшін жәшік орнатылған.

**2026 ЖЫЛДЫҢ ІІ ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ**

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Көптоғай ауылдық округі әкімінің аппараты»ММ	Асылбаев Ерлан Бзарбаевич Көптоғай ауылдық округінің әкімі	Сәуір – 2, 30 Мамыр – 14,28 Маусым – 11,25 Уақыты сағ- 10:00 ден – 12:30 ға дейін	Көптоғай селосы Мәңгілік ел көшесі №20	74-5-11

**СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ**

«Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Көптоғай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефоны 8-71-332-74-5-23 номерінде орнатылған.

**САРБИЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТ ӘКІМІНІҢ 2026 ЖЫЛДЫҢ ІІ ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ**

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж.	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны, электрондық мекенжайы
«Сарбие ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Кереев Әсет Сәкенұлы	Сарбие ауылдық округ әкімі	Сәуір айының 14,21 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін	Сарбие ауылы Жастар көшесі №16 Сарбие ауылдық округі әкімдігінің ғимараты	35-2-50 Sarbie2005@yandex.kz
			Мамыр айының – 12,20 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
			Маусым айының – 11,26 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		

**СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ**

«Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Сарбие ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефоны 35-2-50, сонымен қатар ғимаратта ұсыныс-пікір салу үшін жәшік орнатылған.

**ЖЕДЕЛ ІШЕК ИНФЕКЦИЯСЫ**

Жедел ішек инфекциясы- бұл бактериялар, вирустар, саңырауқұлақтар, ішекке әсер ететін қарапайым микроорганизмдер тудыратын адам ауруларының кең тобы. Ауру дене температурасының жоғарылауы, жалпы әлсіздік, жүрек айнуы, құсумен бірге жүреді. Іштің аймағында ауырсыну пайда болады, бірнеше рет сұйық нәжіс пайда болады. Ауру әсіресе балаларда қиын, өйткені метаболизм бұзылады, ағзаның сусыздануы пайда болады, жүйке жүйесі зардап шегеді. Сондықтан балалар ауырған кезде уақтылы медициналық көмекке жүгіну маңызды. Инфекция көзі - ауру адам немесе қоздырғышты тасымалдаушы. Айналасындағылар үшін - жеңіл, ауру белгісі жоқ формалары бар науқастар ең қауіпті. Инфекцияға халықтың барлық жас топтары

бейім, бірақ көбінесе бір жастан жеті жасқа дейінгі балалар жиі ауырады. Аурудың берілуінің негізгі механизмі – тамақ, су және тұрмыстық байланыс жолдарымен жүзеге асырылатын фекальды-ауыз жолы. Берілу факторлары - тамақ, су, тұрмыстық заттар, ойыншықтар, қоршаған орта объектілері. Сондай-ақ, антисанитариялық өмір сүру жағдайлары, жеке гигиена ережелерін сақтамау, сапсыз тағамдарды тұтыну өткір ішек инфекцияларына ықпал етеді. Инфекциядан кейінгі иммунитет тұрақсыз, нәтижесінде ауруды қайта жұқтыру мүмкін. Қоздырғыш ағзаға енген сәттен бастап аурудың белгілері пайда болғанға дейін бірнеше сағаттан жеті күнге дейін созылуы мүмкін. Жазда ішек инфекцияларының саны сөзсіз артады. Негізгі се-

бептерді атайық: -жылы мезгіл тамақ өнімдеріне (сорпалар, сүт өнімдері, ет, балық) енген кезде қоздырғыштардың көбеюіне және микроорганизмдердің асқазан-ішек жолдарының қорғаныш кедергілерін бұзатын мөлшерге дейін тез жиналуына ықпал етеді; - адамдар жазда көптеген шикі көкөністер, жемістер мен жидектер жейді, олардың бетінде көптеген микробтар, соның ішінде қауіпті болуы мүмкін; - балалар сыртта көп уақыт өткізеді және таза қолмен тамақтану міндетті ереже екенін ердайым есіне түсіре бермейді; Келесі алдын алу шаралары денсаулықты сақтауға көмектеседі: - қауіпсіз өнімдерді сатып алу (пастерленген сүт, жарамдылық мерзімін сақтай отырып, зауыттық қаптамадағы өнімдер); - тамақ дайындау ережелерін сақтау (мұқият термиялық өң-

деу); - тамақты бір реттік тұтыну үшін дайындау; - тағамды сақтау ережелерін сақтау (+10°C төмен температурада 24 сағаттан артық емес сақтау); - шикі және дайын тамақ өнімдерін бөлек сақтау; - тамақ дайындамас бұрын және тамақ дайындау процесінде әр үзілістен кейін, тамақ ішер алдында, деретханаға барғаннан, серуендегеннен, жануарлармен байланыста болғаннан кейін қолды мұқият жуу; - ас үйді таза ұстау; - тағамды жәндіктер, кеміргіштер және басқа жануарлардан қорғалған жерде сақтау; - таза суды ішу және тамақ дайындау үшін пайдалану. Егер судың сапасы күмән тудырса, оны қолданар алдында қайнатыңыз.

**Ғ.ҚҰБАЕВ,**  
Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысы

**ТУЛЯРЕМИЯ**

Туляремия –жедел инфекциялық ауру. Кенелердің шағып алуы кезінде жұғатын аса қауіпті табиғи-ошақты инфекциялық ауру.Ауданымызда Ойыл,Саралжын, Қайыңды,Ш.Берсиев атындағы селолық округтерде туляремияның табиғи ошақтары бар. Осы аймақтардың тұрғындарына жыл сайын туляремияға қарсы жоспарлы екпе жасалып, аудан аумағы бойынша көктемде кенелердің белсенді кездерінде туляремия қоздырғыштарының айналымына бактериологиялық зерттеулер жүргізу үшін санитариялық-эпидемиологиялық сала мамандарымен, обаға қарсы күрес бөлімшесімен жыл сайын кенелер жиналып, өзен сулары,жем-шөптер зертханаға жіберіледі. Аурудың қоздырғышы – туляремия бактериясы. Табиғатта аурудың негізгі көзі – жабайы кеміргіштер мен қояндар.Тасымалдаушылары әрі сақтаушылары – буынаықты қансорғыштар мен иксолдтық кенелер. Жылдың көктем-жаз мезгілдерінде ауру өршиді. Инкубациондық (жасырын) кезеңі – орта есеппен 3-7 күннен 3 аптаға дейін. Ауру қатты басталып, дене қызуы 38-40 градусқа дейін көтеріліп, адам қалтырап, басы қатты ауырып, әлсіреп, бұлшық еттері ауырады, безі шошынып ісіп кетеді. 2-3 күні ағзаға микроб кірген жердің маңайында (мойын, құлақ тұсында, қолтық ойығында, шабында, т.б. жерлерінде) лимфа түйіндері ұлғаяды. Баспа (ангина), көз ауруы, қыс кезінде ұзаққа созылатын өкпе қабынуы аурулары байқалады. Аурудың пайда болу ерекшеліктері, көбінесе бактериялар қандай жолмен ағзаға келіп түскендігіне байланысты. Туляремиямен бір рет ауырған адам оны екінші

рет өмір бойы қабылдамайды, иммунитеті төзімді болады. Адамдар кене шаққан кезде тұрғылықты жері бойынша емдеу мекемесіне дереу қаралып 21 күн диспансерлік бақылауда болу қажет.Кенені қолмен алып тастауға болмайды, пинцетпен немесе жіппен алып тастау керек. Кене шаққан жерге йод жағып,қолды мұқият сабындап жуу қажет. **АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ:** 1.Тұрғын ғимараттар, елді мекендердің маңайын қаулап өскен шөптерден тазарту, аумақтардағы бей-берекет қоқыстарды құрту. 2.Балық аулағанда, табиғат аясында демалғанда, аңдардың терісін дайындағанда және зарарсыздандырған кезде репелленттерді қолдану (маса, шыбын,кене шағудан қорғайтын құралдар)және арнайы қорғаныс киімдерін қолдану 3.Құдықтарды, бұлақтарды, азық-түлік өнімдерін кеміргіштерден қорғау 4.Туляремия бойынша энзоотикалық аумақтардағы тұрғындардың барлығына екпе жасалады, 7 жасқа дейінгі балаларға және 55 жастан асқан тұлғаларға екпе жасалмайды. 5.Вакцинация иммунитетті 5 жылға ойынға қамтиды, 5 жыл өткен соң қайта екпе жасалады. Туляремия ауруымен ауырмау жолы - туляремияға қарсы екпе алу. **Ескерту:** Ойыл ауданында туляремияның аса қауіпті инфекциялық табиғи ошақтары бар - Ойыл, Қайыңды, Саралжын,Ш.Берсиев ауылдық округтерінің елді мекендеріне сәуір-мамыр айында жаппай дезинсекция, дератизация жұмыстары жүргізіледі.

**Ғ.ҚҰБАЕВ,**  
Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы

**ҚАУІПТІ КЕЗЕҢДЕ ҚАМСЫЗ ОТЫРМАУЫҚ!**

**ӨРТ ҚАУІПТІ УАҚЫТТА ДА ҚАУІПТІ ЕРЕЖЕЛЕРДІ ӨРҚАШАН ЕСТЕ САҚТАҒАН ЖӨН. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ АУДАН КӨЛЕМІНДЕ ӨРТТЕРДІҢ АЛДЫН АЛУ МАҚСАТЫНДА АТҚАРҒАН ТҮРЛІ ШАРАЛАРЫНА ҚАРАМАСТАН АУДАН КӨЛЕМІНДЕ ӨРТ ОҚИҒАЛАРЫ ӨЛІ ДЕ АЗАЙМАЙ КЕЛЕДІ.**

**ОРМАН ДАЛА АЛҚАПТАРЫНДА ӨРТТІ БОЛДЫРМАУ ҮШІН:**  
•далалық алқаптарда от жағуға, жанар-жағармай заттары сінген сұрту материалдарын тастауға, тез тұтанғыш және бықсып жанатын материалдарды тастауға тыйым салынады;  
•шөп шабу жұмыстарын жүргізу кезінде орманды өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң түрде сақтау;  
•шөп шабу жұмыстарына техникалар мен агрегаттарды алғашқы өрт сөндіру құралдарымен толық қамтамасыз ету;  
•облыстық және жергілікті маңызы бар автомобиль жолдары бойында темекі тұқылын тастамау;  
•табиғат аясында демалыс уақытында от жағуға болмайды, тек белгіленген орындарда ғана жағу қажет және толық сөндірілгеніне көз жеткізу қажет. Мал шаруашылығында мал азықтарын дайындау барысында өрт қауіпсіздігін сақтау

қажет. Жазғы мезгілде шөп дайындау кезінде өрт қауіпсіздігі шараларын сақтау аса маңызды. Тұрғын үйлерде, қора-жайларда және құрылыс алаңдарында қоқыс, жанғыш материалдарды ретсіз жинауға болмайды. Электр желілерінің, жылыту пештерінің дұрыс жұмыс істеуін қадағалау қажет. Сонымен қатар, облыстық және аудандық маңызы бар жол бойында көлік жүргізушілерінің темекі тұқылын сөндірмей тастауынан да өрттер тіркелуде. Тұрғын үй аумақтарында өрттің болдырмау үшін қоқыс шығаратын орындарды белгіленген жерлерге ғана шығару қажет. Осы бағыттағы шаралардың барлығы әр азаматтың сана-сезіміне байланысты. Өртті болдырмау үшін әр адам жауапкершілік танытуы тиіс. Өрттің алдын алу – баршамыздың міндетіміз. Өрт қауіпті кезеңде сақтық шараларын қатаң сақтау – адам өмірін, табиғатты қорғаудың бірден-бір жолы.

**ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ**

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1402 дана. Тапсырыс 442 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

**«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.**



Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабиспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

## ЖАСЫА ЖЕЛЕК - ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

ОЙЫЛ АУДАНЫНДА ТАҒЫ БІР ИГІ ІС ЖҮЗЕГЕ АСТЫ. ЖАҢАДАН АШЫЛҒАН МЕКТЕП АУЛАСЫНДА ТАЛ ЕГУ АКЦИЯСЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП, КӨПШІЛІК ҚАУЫМНЫҢ БАСЫН БІР АРНАҒА ТОҒЫСТЫРҒАН ТАҒЫЛЫМДЫ ШАРАҒА АЙНАЛДЫ.



Аталған акцияға аудан әкімі Асқар Қазыбаев, аудандық мәслихат төрағасы Сәкен Займолдин, түрлі мекеме басшылары мен қызметкерлері, сондай-ақ ауыл ардагерлері қатысып, көпке үлгі көрсетті. Таңсәріден бастау алған жұмыс қызу қарқын алып, мектеп ауласы жас көшеттерге толы аймаққа айнала бастады. Бірлік пен ынтымақтың арқасында мектеп ауласына 250 тал түп отырғызылды. Арасында алма, алмұрт, өрік т.б. жеміс ағаштары бар. Жеміс ағаштары замануи тамшылатып суару жүйесі арқылы күтімге алынады. Жеміс

ағаштарын отырғызу жұмыстарына «ТСС GROUP» ЖШС бас директоры Владимир Розаметов демеушілік қолдау көрсетті. Бұл шараның басты мақсаты – қоршаған ортаны қорғау, елді мекеннің экологиялық ахуалын жақсарту ғана емес, жас ұрпаққа табиғатқа жанашырлықпен қарау мәдениетін қалыптастыру. Әрбір отырғызылған тал – болашаққа деген қамқорлықтың, туған жерге деген сүйіспеншіліктің айқын көрінісі. Ұйымшылдық танытқан қатысушылар қажетті құрал-саймандарын ала келіп, бірлесе еңбек етудің үлгісін көрсетті. Нәтижесінде

жоспарланған жұмыстар уақытылы әрі сапалы орындалып, мектеп ауласы көркейе түсті. Мұндай игі бастамалар ауыл келбетін ажарландырып қана қоймай, ел бірлігін нығайтып, ортақ іске жұмыла білудің жарқын үлгісін көрсетеді. Жерге тамыр жайған әрбір көшет ертең саялы ағашқа айналып, мектеп табалдырығын аттаған талай ұрпаққа сая болары анық. **Р.С. АЛ, ЖАҢА ТҰРҒЫН ҰЙ АЛАБЫНДА ОРНАЛАСҚАН БАЛАЛАР ОЙЫН АЛАҢЫНА 160 ТҮП ҚАРАҒАШ ПЕН ТЕ-РЕК ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ. Г.БАБЫҚЫЗЫ.**

## АҚ ХАЛАТТЫ АБЗАЛ ЖАНҒА АЛҒЫС

Адам денсаулығы – ең басты байлық. Сол байлықты сақтап, әрбір жанға үміт сыйлайтын жандар – дәрігерлер. Соның ішінде құлақ, мұрын, тамақ ауруларын емдейтін ЛОР дәрігерлерінің еңбегі ерекше құрметке лайық. Мен шын жүректен өз ісінің нағыз шебері, білікті маман, жанашыр дәрігер Жұмағалиева Гүлнұр Атлашовнаға және мейірбике Шомпақова Гүлнұр Мұхамбетқалиқызына алғысымды білдіргім келеді. Күн сайын талай науқастың дертіне дауа тауып, олардың саулығы үшін аянбай еңбек етіп жүрген дәрігердің еңбегі өлшеусіз. Әсіресе, әр науқасқа деген ерекше ықыласы, жылы сөзі мен мейірімі тәнті етті. Ойыл аудандық ауруханасы ЛОР дәрігері Жұмағалиева Гүлнұр Атлашовна тек емдеп қана қоймай, науқастың көңіліне сенім ұялатып, тез сауығып кетуіне үлкен әсер етеді. Осындай қасиеттердің барлығы біз алғыс айтып отырған ЛОР дәрігері Гүлнұр Жұмағалиеваның бойынан табылады. Кәсібіне адалдық, жауапкершілік, адамгершілік – нағыз дәрігерге тән қасиеттер. Осындай абзал жанның еңбегі әрдайым еленіп, құрметке бөлене берсін деймін. Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға амандық тілеймін! Еңбегіңіз еленіп, әрдайым халықтың алғысына бөлене беріңіз! **Алғыс білдіруші: ризашылыққа толы ниетпен Жолбаева Гүлдана Әбүтеліпқызы.**

## СПОРТ АРДАҒЕРІ ӘДІЛБЕК КӨРІМОВТИ ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛҒАН ВОЛЕЙБОЛ ТУРНИРИ ӨТТИ

ОЙЫЛ АУДАНЫНДА СПОРТ АРДАҒЕРІ, ВОЛЕЙБОЛДАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СПАРТАКИАДАНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ ӘДІЛБЕК КӨРІМОВТИ ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛҒАН 40 ЖАСТАН ЖОҒАРЫ ЕРЕСЕКТЕР АРАСЫНДАҒЫ ВОЛЕЙБОЛ ТУРНИРИ ӨТТИ.


Турнирдің ашылу салтанатында аудан әкімі Асқар Қазыбаев сөз сөйлеп, жарысқа қатысқан командаларға сәттілік тіледі. Әр команда жоғары деңгейде өнер көрсетіп, ұйымшылдық пен шеберліктің үлгісін танытты. Турнир нәтижесі бойынша командалық есепте Көптоғай командасы үшінші, Берсиев командасы екінші орын иеленсе, шебер ойын өрнегін көрсете білген Ойыл командасы бірінші орынды қанжығасына басты. Сонымен қатар ойын барысында ерекше шеберлік көрсеткен спортшылар арнайы аталымдармен марапатталды. «Үздік байланыстырушы» Темірбек Жауынбаев, «Үздік шабуылшы» Тілек Дүй-

сенов, «Үздік қорғаушы» Бақсиық Сатығалиев атанды. Жүлдегерлерді марапаттау рәсіміне Әділбек Көрімовтің ұрпақтары мен жақындары қатысты. Атап айтқанда, Әділбек ағамыздың қызы Анна, ұлы Нұрқанат, Нұрбек және жұбайы Дариға Әбдірахманова жеңімпаздарға құрмет көрсетіп, естелік сыйлықтарын табыстады. Сондай-ақ, спорт ардагері Бауыржан Олжабаев турнирдің жоғары деңгейде өткенін атап өтті. Спортты серік еткен ардагерлердің ізін жалғасқан бұл турнир салауатты өмір салтын насихаттаудың және аға буынға деген құрметтің жарқын үлгісі болды.



## ЕҢБЕК АДАМЫ

ҰСТАЗ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫН ТӨРБИЕЛЕТІН, БІЛІМ КӨСЕТІН ТӨРБИЕ АРҚЫЛЫ ҚОҒАМНЫҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСАТЫН ҰЛЫ ТҰЛҒА. ОСЫНДАЙ ЖАУАПТЫ ЖОЛДЫ АБЫРОЙМЕН АТҚАРЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН ЖАНДАРДЫҢ БІРІ – ТӘЖІРИБЕЛІ ПЕДАГОГ БИЖАНОВА САЛТАНАТ МАХАТҚЫЗЫ.




Ойылдық ұстаз Салтанат Бижанова — 1965 жылы 29 сәуірде дүниеге келген. 1989 жылы Алматы қаласындағы Абай атындағы қазақ педагогикалық институтын тәмамдап, химия және биология пәндерінің мұғалімі мамандығын алды. Жоғары білімді маман ретінде еңбек жолын бірден білім беру саласына арнады. Бүгінгі таңда Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл селосындағы Ойыл қазақ орта мектебінде химия пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарып келеді. Жалпы педагогикалық еңбек өтілі – 32 жыл. Осы жылдар ішінде ол өзін білікті де тәжірибелі ұстаз ретінде танытып, «педагог-зерттеуші» санатына ие болды. Ұстаз өз қызметінде оқушыларға сапалы білім берумен қатар, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, ғылыми-зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға ерекше мән береді. Салтанат Бижанова кәсіби біліктілігін үнемі жетілдіріп отыратын ұстаз. Ол әр жылдары біліктілік арттыру курстарынан өтіп, түрлі семинарлар мен конференцияларға, олимпиадаларға белсенді қатысып келеді. Бұл оның педагогикалық шеберлігінің үнемі дамып отыруына негіз болды.

«Еңбек жолында көптеген жетістіктерге қол жеткізген ұстаз түрлі деңгейдегі марапаттарға ие болған. Атап айтқанда, бірнеше мәрте Құрмет грамоталарымен марапатталып, «Ең үздік жетекші» атағын иеленді. Облыстық педагогикалық олимпиадада жүлделі орын алып, «Облыстың үздік мұғалімі» және «Облыстың үздік жетекшісі» атанды. Сондай-ақ облыс әкімінің грантына ие болып, «Жаңашыл мұғалім» номинациясымен марапатталды. Кейінгі жылдары да оның жетістіктері жалғасын тауып, республикалық және облыстық байқаулар мен олимпиадаларда жоғары нәтиже көрсетіп келеді. «Жаңашыл мұғалім – 2020» республикалық олимпиадасында үздік нәтиже көрсетіп, «Үздік авторлық бағдарлама» республикалық конкурсының жүлдегері атанды. 2023 жылы жас ұрпақты тәрбиелеудегі белсенді еңбегі үшін «Аманат» партиясының Алғыс хатына ие болды. Салтанат Бижанова – өз мамандығына адал, үздіксіз ізденіс үстінде жүретін, шәкірт жүрегіне жол таба білген ұстаз. **Гүлбану БЕГАЛИНА, Ойыл қазақ орта мектебінің бастауыш кәсіподақ төрағасы.**

## ДІНДІ БҰРМАЛАУДЫҢ ЗИЯНЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛДАРЫ

Жаратқан Алла Тағалаға сансыз мадақ, ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафаға көптеген салауат пен сәлем жолдаймыз.



Дін – қоғамда адамгершілік құндылықтарды қалыптастыратын, бейбітшілік пен өзара құрметті насихаттайтын маңызды рухани институт. Алайда діни ұғымдарды қасақана немесе сауатсыздық салдарынан бұрмалау жеке тұлғаға да, тұтас қоғамға да елеулі зиян келтіреді. Дінді бұрмалау – оның түпкі гуманистік мәнін жоғалтып, адамдарды адастыруға алып келетін қауіпті құбылыс. Ең алдымен, діни түсініктердің қате берілуі жеке адамның дүниетанымына теріс әсер етеді. Мұндай жағдайда адам сыни ойлаудан алыстап, жалған сенімдерге еріп, өз әрекеттерін ақыл мен заңнан тыс өлшемдермен бағалай бастайды. Бұл оның әлеуметтік ортадан оқшаулануына, отбасы мен қоғам алдындағы жауапкершілігін жоғалтуына әкелуі мүмкін. Қоғамдық деңгейде дінді бұрмалау алауыздықты күшейтеді. Әртүрлі көзқарастарды қарсы қою, өзге пікір иелерін жоққа шығару радикалды ойлардың таралуына жол ашады. Мұндай үрдіс қоғамдық тұрақтылыққа қауіп төндіріп, азаматтар арасындағы сенімді әлсіретеді. Нәтижесінде, қоғамда қақтығыстар мен әлеуметтік шиеленістер орын алуы ықтимал. Сонымен қатар, дінді саяси немесе жеке мақсатта пайдалану құқықтық нормалардың бұзылуына алып келеді. Бұл экстремизм мен зорлық-зомбылықты ақта-

уға негіз болып, заң үстемдігі қағидатына қайшы әрекеттердің туындауына себеп болады. Мұндай жағдайлар мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіріп, құқықтық тәртіпке сызат түсіреді. Дінді бұрмалаудың салдары ұзақ мерзімді сипатқа ие. Ол жастардың санасына теріс әсер етіп, олардың болашағына қауіп төндіреді, білім мен ғылымға деген сенімді әлсіретеді. Сондықтан қоғамда діни сауаттылықты арттыру, зайырлы білім мен құқықтық мәдениетті нығайту – дінді бұрмалаудың алдын алудың тиімді жолы болып табылады. Дінді дұрыс түсіну мен оны ұстану қоғамның бейбіт дамуының кепілі. Ал дінді бұрмалау жеке тұлғаның тағдырына да, қоғамдық келісімге де орны толмас зиян келтіретін қауіпті құбылыс екені анық. Алла Тағала дінді адамзатқа тура жол, әділет пен мейірімнің өлшемі етіп түсірді. Қасиетті Құранда Алла Тағала былай дейді: «Менің тура жолым, міне, осы. Ендеше, менің жолыммен жүріңдер. Өзге соқпақ-сүрлеулерге түсіп кетпеңдер, ондай теріс жолдар сендерді жік-жікке бөліп, Алланың тура жолынан тайдырып жібермесін. Күнә атаулыдан сақтанып, тақуалық аясында өмір сүрсің деп, Алла сендерге осыларды бұйырады» («өл-Анғам» сүресі, 153-аят). Бұл аят бізге дінді дұрыс түсініп, оның шеңберінен шықпау керектігін ескертеді. Ал дінді өз қалауына қарай бұрмалау – сол тура жолдан ауытқу болып саналады. Білімсіздік пен асығыстық адамды дінді дұрыс түсінбегуіне әкеледі. Адам аят пен хадистің толық мағынасын, айтылу мақсатын ескермей, үстірт үкім шығарады. Мұндай әрекет туралы Алла Тағала Құранда: «Өзің нақты білмейтін нәрсенің (мәліметтің) соңына түспе (яғни, білмегенді білдім, көрмегенді көрдім, естімегенді естідім деп айтпа)!» – деп ескертеді («Исра» сүресі, 36-аят). Дінді дұрыс түсіну – тура жолдан таймаудың басты кепілі. Өкінішке орай, кейде адамдар дінді қате түсініп, оны өз мүддесіне сай бұрмалап жатады.

Алла Елшісіде (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір хадисінде «Дінде шектен шығудан сақ болыңдар! Өйткені сендерден бұрынғыларды құртып жіберген нәрсе – дінде шектен шығу», – деген (ибн Мәжа). Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бізді діндегі шектен шығудан сақтандырды. Өйткені бұл әрекеттер қоғамға зиян келтіріп, кейде дінде дұрыс берілмеген білім арқылы мұсылмандар арасында бөлінушілік екеледі. Хадисте Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай дейді: «Дінде шектен шығудан сақ болыңдар». Бұл дегеніміз, дінде тым асыра сілтеу дұрыс емес, барлық нәрседе орта жолды ұстау керек дегенді білдіреді. «Сендерден бұрынғыларды дінде шектен шығу құртып жіберді». Яғни, алдыңғы қауымдар діннің шынайы мәнін түсінбестен, өз діндегі адасып, кейде оны бұрмалап, бұрыс жолға түскен. Нәтижесінде олардың қауымдары дінінің түпкі мағынасынан айырылып, залал шекті. Бұл хадистен көріп отырғанымыздай, діндегі шектен шығу қауіпті нәрсе. Ол адамдарды адастыруға, қоғамның бүлінуіне, дінді бұрмалауға және адамдардың адасып кетуіне себеп болады. Сондықтан әрбір мұсылман үшін дінде орта жолды сақтау, шынайы білімге сүйену және асыра сілтеуден аулақ болуы міндет. Дінді бұрмалаудың салдары – жүректердің қатайып, адамдар арасында алауыздықтың пайда болуы. Өзгелерді жоққа шығару, бөліну мен дұшпандыққа бару – Исламның рухына мүлде жат. Алла Тағала қасиетті Құранда: «Барлығың да Алланың желісіне (яғни хақ дініне) мықтап жармасындар және өзара бөлінбездер», – деген («Әли-Имран» сүресі, 103-аят).

(оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде: «Кімге Алла Тағала жақсылық қаласа, дінді түсіне білетін қабілет береді және оны Өзінің тура жолына нұсқайды», – деп (имам Бұхари) білімнің маңызын атап өткен. Сондықтан дінді сенімді дереккөздерден үйреніп, дәстүрлі жолды ұстану – әрбір мұсылманның міндеті. Сөзіміз бен ісіміз арқылы діннің көркемдігін көрсетуіміз қажет. Шығыс даналарының бірі айтқандай: «Өмірші өмірші болу керек, әскер әскер болу керек, бала бала болу керек сонда ел дамиды». Халық арасында кең тараған «сауатсыз дәрігер жан алса, сауатсыз молда діннен шығарады», деген қанатты сөз бар. Дін адам баласының бұл дүние мен о дүниелік өмірін бірге қамтығандықтан өте сақтықты талап етеді. Дін жайлы сөз сөйлейтін адам, егер сол саланың маманы болса адамдарды дүние мен ақиретке бақытқа кенелтеді, ал шала сауатты біреу болса, адамдардың екі дүниесінің де астан-кестенін шығарады. Мұның соңы, Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде келгендей «Нәтижесінде өздері де, өзгелер де адасып тынады». Сондықтан дін жайлы әңгіме қозғау үлкен жауапкершілікті талап етеді. Дін саласын оқып зерттеу үшін адамдар көптеген өмірлерін жұмсайды. Тіпті ғалымдар дінді зерттеу жолында бүткіл өмірлерін сарп етіп кеткен болатын. Бұдан діннің күрделі сала екендігін, сондай-ақ, діннің атынан бір ауыз сөз айтудың өзі үлкен жауапкершілікті іс екендігін аңғаруға болады. Ал елімізге келер болсақ, біздің елде ислам дінінің тағылымдарын насихаттап оларды үйрету арнайы маманданған мешіт имамдарына тапсырылған. Сондықтан да, дінді көшедегі әрбір көлденең келген көк аттылардан емес, осы мақсатта арнайы тағайындалған дін мамандарына, яғни, мешіт имамдарына келіп сұрау аса маңызды іс екенін ескергеніміз дұрыс болмақ.

**Бақырқық қажы ҚЫЗЫРҰЛЫ, Ойыл аудандық мешітінің бас имамы.**